БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№125 (9443) | 1954 жылғы 23 июнь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОБЛЫСЫМЫЗДА **Р. Уәлиев.** — Совхоздар үшін техника (1-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ КАНДИДАТ. **Б. Жақыпов.** —«Гигант» колхозының экономикасы нығаюда (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ. **Д. Апретов.** —Колхоз партия ұйымы ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күресте (2-бет).

Университетті жүз адам бітірді (2-бет).

Ә. Әлібаев —Ауылшаруашылық секциясы (2-бет).

Корей мәселесі шешуді күтеді (2-бет).

Қызыл отаудағы кеш (2-бет).

Тың жерлерді суландыру (2-бет).

СОВХОЗДАРДЫ КӨП САЛАЛЫ, РЕНТАБЕЛЬДІ ШАРУАШЫЛЫҚҚА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ. **И. Лизунов.** —Біздің совхоздың болашағы (3-бет). **П. Чаусов.** —Совхозымыз рентабельді шаруашылық (3-бет). **М. Солонин,** —Бізде мал шаруашылығы (3-бет). **И. Горбунов.** — Картоп пен овощь шаруашылығын өркендетеміз (3-бет).

П. Дьяченко.—Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру (3-бет).

Бұлар Ново-Кубань МТС-вен келді. (4-бет).

Саяси және ғылми білімдер тарату жұмысын жақсарта берейік. (4-бет).

Гватемала үкметінің мазмұндамасы (4-бет).

Чилидегі Гватемала үкметіне ынтымақтық білдіру қозғалысы (4-бет).

Ауыл-село интеллигенциясы

Коммунистік партияның даналық басшылығы арқасында совет интеллигенциясы шаруашылық және мәдени құрылыстың бүкіл саласында Отан игілігі үшін еңбек етуде. Жұмысшылар мен шаруалардың перзенті советтік интеллигенцияның қатары жыл сайын жоғары оқу орындарын бітірген және практикалық жұмыстарда өскен адамдар есебінен үнемі толығып, барған сайын нығая түсуде.

Совет өкметі жылдарында, қаладағы интеллигенция сияқты, ауыл- село интеллигенциясының үлкен отряды өсті. Қазір әрбір ауыл -селода мұғалімдер, агрономдар, зоотехниктер, дәрігерлер партия, совет қызметкерлері көптеп саналады. Олар ауыл- село дәулетінің артуы, еңбекшілердің мәдени тұрмысының жақсара беруі үшін қажырлылықпен күресіп келеді. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулыларын кең көлемде үнемі, мазмұнды насихаттау ауыл- село интеллигенттерінің төл ісі болып отыр.

Интеллигенттер ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, астық өндірісін ұлғайту жөніндегі маңызды міндеттерді колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлеріне неғұрлым терең түсіндіре білсе, олардың жұмысы солғұрлым жемісті болады. Егіс бригадалары мен мал фермаларындағы және басқа жұмыс участоктеріндегі адамдар арасындағы ұйымдастырылған әңгімелерде, баяндамалар мен лекциялардың көрнекі үгітте ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі жалпы міндетті әрбір бригаданың, ферманың, жеке адамдардың алдында тұрған нақтылы міндеттпен байланыстырудың, озаттардың жұмыс нәтижелерін насихаттаудың зор маңызы бар.

Облысымыздың ауыл-село интеллигенттерінің басым көпшілігі еңбекшілер арасында бұл талаптарға сай жұмыс істеп отыр. Олар бұқараның рухани тілектерін үнемі қанағаттандыру мақсатымен колхозшылар, МТС, совхоз қызметкерлері арасында саяси ғылми білімдер таратып, партия ұйымдарына ғылым мен озат техника тәжрибесінің зор табыстарын насихаттауда үнемі көмектесіп келеді. Мысалға, Совет ауданындағы интеллигенция отрядын алуға болады. Мұнда көп колхоздарда үгіт- бұқаралық, мәдени- ағарту жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылған.

Ауыл- село интеллигенциялары ауылшаруашылық артельдерінің байып, колхозшылардың мәдени тұрмысының арта түсуіне атсалып отырады. Колхоз клубнистік тәрбие берумен бірге, колхоз өмірімен тығыз байланысып, әрқашан көмек көрсетіп отырады. Бұл салада өз міндеттерін аброймен атқарып жүрген мұғалімдер облысымызда аз емес. Солардың бірі Петропавл ауданы, Березевка жетіжылдық мектебінің мұғалімі Баранова жолдас. Ол көктемгі егіс, пар жырту кездерінде өзіне бекітіліп берілген № 9 трактор бригадасында жиі болып, мазмұнды әңгімелер өткізіп, үнемі дауыстап газет оқыды. Механизаторларға Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы мерекесіне арналған лекциялар, механизаторлардың маңызды міндеттері туралы әңгімелер өткізді.

Алайда, жағдай барлық жерлерде бірдей емес. Кейбір жерлерде ауыл-село интеллигенттері тобының бірқатары бұқаралық- саяси және мәдени- ағарту жұмыстарынан тыс қалып келеді. Мәселен, мұндай адамдарды Полудень ауданының жекелеген колхоздарынан кездестіруге болады. Бұл ауданның бірқатар колхоздарында клубтар мен оқу үйлері еңбекшілер арасындағы мәдени бұқаралық жұмыстардың орталығына айналдырылмаған. Үгіт- бұқаралық жұмыстардың дәрежесі төмен. Осы ауданның Чапаев атындағы колхозында жағдай дәл осындай. Мұнда колхоз активтері, мұғалімдер, медицина қызметкерлері, мал дәрігерлері үгіт- насихат жұмысына толық пайдаланылмай отыр. Олардың көпшілігі тапсырылған жұмыстарды формальді атқарады. Қойма меңгерушісі Шаповалов жолдас ауыл шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссияның председателі еді. Бірақ, ол істеріне жауапсыз, немқұрайды қарап келді. Сол сияқты, мәдени- ағарту жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссияның председателі болып тағайындалған Приходько жолдас та еңбекшілер арасында үгіт- бұқаралық, мәдени жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра алмады.

Ал, кейбір мекемелердің қызметкерлері қолда бар мүмкіншілікті жете пайдалана алмай келеді. Колхоз орталығындағы ғылми-саяси, ауылшаруашылық кітаптары, журналдар, газеттер қос бастарына мезгілінде жеткізілмейді. Бригадаларда мәдени- ағарту жұмыстарын жүргізуге бағытталған шаралар жүйеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қояды. Мұндай жағдай, атап айтқанда Конюхов, Приешім аудандарының көп жерлерінде орын тепкен.

Жергілікті партия ұйымдарының тиісті

Облысымызда

Жаңа совхоздар үшін техника

Мамлют станциясына жаңа ұйымдастырылған совхоздар үшін жүк тиелген ауыр салмақты поездар үнемі келіп жатады. Станция коллективі Бүкілодақтық теміржолшылар күні қарсаңындағы еңбек вахтасына тұрды. Олар механизаторлармен бірлесе отырып, платформалардан және вагондардан жүкті шаппаңдатылған әдіспен түсіруде.

Жуырда Хрущев атындағы, Москворецк, Украинск, Приешім, Интернационал, Тимирязев атындағы және басқа совхоздар үшін 120 «ДТ-54» тракторлары, 18 құрама үйлер, жүздеген культиваторлар, комбайндар, шөп шабатын кеңалымды машиналар, плуттер келіп түсті.

Жақында станцияға тағы да көптеген техника әкелінді. Келісімен-ақ техника белгіленген жерлерге жіберіле бастады. Вильямс атындағы астық совхозының механизаторлары Иван Баланда, Степан Байбородин және басқалары жаңа келген дизель тракторларын бірінші болып жүргізіп, пар жыртуға кірісті. Басқа астық совхозының механизаторлары да жаңа техниканы өнімді пайдалану арқылы келесі жылдың егісі үшін пар жыртуда айтарлықтай табыстарға ие болуда.

Облысымыздың жаңа совхоздары тек соңғы екі айдың ішінде ғана 180 «С-80», «ДТ—54» тракторларын, 132 құрастырламы үй, 18 жанар май тасыйтын цистерналар, станоктар, көптеген құрылыс материалдарын алды.

Р. УӘЛИЕВ.

Мал азығындық капуста

Жақында Мамлют асыл тұқымды мал совхозының П. Романенко жолдас басқаратын огород- бақша бригадасы бір гектар алаңға бұрын совхозда себілмеген бір өсімдіктің көшеттерін отырғызды. Ол капустаға да, помидорға да, қыярға да ұқсамайды. Оның жуан сабағында күн сайын өсіп тұратын 10 жапырағы бар.

Огородшылар оны салқын түндер де үсітіп аламыз ба деп хауіптенген еді. Алайда, олар агротехникалық шараларды дұрыс қолдану арқылы бұл өсімдіктің жақсы өсуіне жетісіп келеді.



Торанғұл МТС-і қамтуындағы колхоздар үшін 12 кранды шөп маялағыш алды.

СУРЕТТЕ: Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы колхоздың бірінші бригадасында шөп маялағышты құрастырып жатқан кез.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Мұғалімдердің жазғы демалысы

Жыл сайын облысымыздың көптеген мұғалімдері өздерінің жазғы демалысын елміздің таңдаулы курорттары мен санаторийлерінде және демалыс үйлерінде өткізеді. Быйыл курорттар мен санаторийлерде тынығатын мұғалімдердің саны өткен жылдармен салыстырғанда анағұрлым көп.

Үстіміздегі жылы 100-ге жуық адам

Жыйнақ команда Алматыға жүріп кетті

Бүгін облысымыздың жыйнақ командасы Бүкіл Қазақстандық VII спартакиадаға қатысу үшін Алматы қаласына жүріп кетті. Команданы қалалық физкультура және спорт комитетінің председателі Данилов жолдас басқарады.

Жыйнақ командасының құрамында жақында болып өткен облыстық VII спартакиадада жақсы көрсеткіштерге ие болған, спортшылармен бірге, одлысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге даңқты Ленин қаласынан келген Иванова, Сисенко, Окользин сияқты облыс чемпиондары да бар.

Авиомоделистер үйірмесі

Қаладағы пионер үйінің жанындағы авиомоделистер үйірмесінің жұмыс істей бастағанына бірқатар жылдар болды. Бұл үйірмеге жыл сайын көптеген пионерлер қатысып, самолеттің түрлі модельдерін жасауға үйренеді. Үйірмені тәжрибелі педагог В. Кириченко жолдас басқарады.

Өткен жылы үйірме мүшелері республикалық жас авиомоделистер жарысына қатысып, дипломдар мен бағалы сыйлықтар алып қайтты. Қазір үйірменің 38 мүшесі июль айының бас кезінде Алматыда өткізілетін республикалық жас авиомоделистер жарысына қатысуға қызу әзірленуде. Онда үйірме мүшелері өздерінің жасаған модельдерін көрсетеді.

Село спортшылары

Пресновка және Булаев селоларында селолық аудандар спортшыларының футбол және волейбол бойынша облыстық жарыстар болып өтті. Преснов ауданының футболшылары алғашқы кездесуде Мамлют ауданының командасын 4:2 есебімен жеңді. Бірақ, олардың бұл табыстары ұзаққа бармады. Келесі кездесуде Октябрь ауданының спортшылары өздерінің олардан басым екендігін көрсетті. Бұл команда пресновтықтарды 4:1, ал Мамлют командасын 4:1 есебімен жеңіп, бұл зона бойынша бір орынға шықты. Октябрь ауданының футболшылар команда

Смоленскінің еңбекшілері М. И. Глинканың туғанына 150 жыл толуын атап өтуде

СМОЛЕНСК, 21 июнь. (СОТА). Кеше облыстық драма театрында орыстың ұлы композиторы М. И. Глинканың туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс болды. Залға қоғам ұйымдарының өкілдері, өндіріс озаттары, мәдениет қызметкерлері, сол сияқты, Москвадан, Ленинградтан, Белоруссия мен Украинадан келген қонақтар жыйналды.

Композитор Д. Д. Шостакович кіріспе сөз сөйледі.

М. И. Глинканың өмірі және творчествосы туралы Ленинградтың Мемлекеттік Кіші театрының директоры И. Загурский баяндама жасады. Салтанатты мәжістен кейін ССРО мемлекеттік симфония оркестрінің, Москва, Ленинград, Минск артистерінің қатысуымен үлкен концерт берілді. М. И. Глинканың шығармалары орындалды.

„Малая Днепровская“ СЭС-і

СМОЛЕНСК, 21 июнь. (СОТА). Издешков ауданында, Днепрдің Жоғарғы ағысында, мемлекеттік Мосоловскі селолық су электр станциясының құрылысы басталды. Жаңа құрылысты көп ретте «Малая Днепровская» деп атайды. Станция 8 колхозға, 30-ға жуық елді пунктке ток беруге тиіс.

Қазір станция үйінің котлаванын қазу және перемычкаларды салу жұмыстары өрістетілді.

Жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады

БАКУ. «Бюргяннефть» теңіз тресінің бірінші кәсіпшілік коллективі жарты жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Көпшілікте еңбек өнімділігі жоспардағыдан 20,4 процент артты, жанармайдың өзіндік құны едәуір кемітілді. Жоспардан тыс кіріс 5 миллион сомнан асты.

* * *

СТАЛИНГРАД. Сталинград трактор заводының коллективі барлық көрсеткіштер бойынша жарты жылдық программаны мерзімінен бұрын орындады. Тракторлардың қосалқы бөлшектерін өндіру жөніндегі тапсырма едәуір асыра орындалды.

700-ге жуық металл өңдейтін станок

маларында, агрономдар, мұғалімдер, зоотехниктер, дәрігерлер және басқалары түрлі тақырыптарда лекциялар оқып, әңгімелер өткізуде. «Совет», «Красное поле» колхоздарында ондаған үгітшілер жұмыс істеуде. Олардың құрамы да таңдаулы интеллигенттер есебінен толықтырылған. Колхозшыларға апта сайын кинокартиналар көрсетілін келеді.

Осы аудандағы Ленин атындағы колхоз оқу үйінің меңгерушісі коммунист Ж. Қасболатов жолдас үгіт жұмысына белсене қатынасады. Ол механизаторлар мен колхозшылардың арасында жиі болып жауынгерлік листоктар шығарып отырады. Онда өндіріс озаттарының жұмыс тәжрибелері, социалистік жарыстың барысы жазылады. Сондай-ақ Қасболатов жолдас партия мен үкметтің саясатын, елімізде болып жатқан жаңалықтарды кеңінен насихаттауда. Оның кітапханасы кітап көрмелерімен, плакаттармен, ұрандармен жақсы жабдықталған.

Соколов ауданының колхоздарында да интеллигенттер өз міндеттерін аброймен орындауда. Әсресе, «Красный агроном» колхозының бригадаларында мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, дәрігерлері, ауыл шаруашылығының мамандары еңбекшілер үшін көптеген лекциялар оқып, әңгімелер өткізеді. Колхозшылардың мәдениетті дем алулары үшін дала қостары, радио қабылдағышпен, газет, журналдармен қамтамасыз етілген.

Ауыл- село интеллигенттерінің негізгі күштерінің бірі —мұғалімдер коллективі. Олар еңбекшілердің балаларына коммунистік тәрбие берумен қатар, ауыл-селодағы мәдени-ағарту, бұқаралық жұмыстарды жүргізуге интеллигенттерді толық пайдалану, оларға таланты күшейту болып табылады. Сөйтіп, колхозды ауыл-селода үгіт-насихат жұмыстарының кеңінен өрістеуі қажет.

Қазіргі уақытта шөп шабу, пар жырту, егін орағына әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Сонымен қатар, ново-павловтықтардың бастамасы бойынша ауыл-селоны көркейту, құрылыс жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізу мәселелері қолға қызу алынды. Бұл күндері әрбір совет интеллигентінің орны —егіс даласы мен мал фермаларындағы, басқа да жұмыс участоктеріндегі ауылшаруашылық қызметкерлерінің арасында болуға тиіс. Ауыл -село интеллигенттері колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасында әңгіме өткізу, баяндама жасап, лекция оқу арқылы шаруашылық мәдени міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуына өздерінің татымды үлестерін қосуға тиіс. Қазіргі талап ауыл-село интеллигенттерінен міне, осыны күтеді. Олай болса, интеллигенттердің ауыл-селоның өміріне белсене араласуы, сөйтіп, партия мен үкметтің саясатын, советтік ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын үнемі насихаттауы керек. Бұл олардың ардақты борышы.

Ауыл- село интеллигенттері! Колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлеріне партия мен үкметтің ішкі және сыртқы саясатын терең түсіндіріп, олардың өндірістік және саяси белсенділіктерін барған сайын арттыра берейік!

Жоғары оқу орындарына қабылдау

21 июньде еліміздің жоғары оқу орындарына арыздар қабылдана бастады. Москваның жоғары оқу орындары алдағы оқу жылында 87,5 мың студент алады.

Келесі жылы өзінің құрылғанына 200 жыл толуын атап өткелі отырған ең қарт жоғары оқу орны — Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университеті өте көп толықтыру қабылдайды. Москваның Мемлекеттік университетінің 12 факультетіне 3 мыңға жуық жас жігіттер мен қыздарды, ал, сырттан оқыйтындарды қосқанда 4 мыңнан астам адамды қабылдау қарастырылған. Әсресе, физика, жер қыртысы-биология, механико- математика және филология факультеттеріне түсуге тілек білдірушілер өте көп.

Москваның Н. Э. Бауман атындағы жоғары техникалық училище 2 мыңға жуық студент қабылдайды. Москваның жоғары техникалық училищесі орта мектептердің оныншы кластықтарымен тығыз байланыс жасап тұрады. «Ашық есік күндерінде» жоғары оқу орнының аудиториялары мен лабораторияларында мыңдаған оқушылар болды. Жоғарғы класс оқушылары үшін Москваның жоғары техникалық училищесі ұйымдастырған техникалық олимпиадаға көптеген жас москвалықтар қатысты.

В. М. Молотов атындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтына Москва мен астана облысының оқушы жастарынан алғашқы ондаған арыздар түсті. Мұнда тракторлар, автомобильдер, комбайндар және басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөніндегі, сол сықты, жөндеу кәсіпорындары мен МТС-терді жобалау жөніндегі инженер-механик мамандығын меңгергісі келетін жастар оқуға түсуде.

Москваның техникалық тамақ өнеркәсіп институты және тамақ өнеркәсібінің жаңадан ұйымдастырылған Бүкілодақтық сырттан оқу институты біржарым мыңға жуық студент қабылдайды. Бұл жоғары оқу орындары нан пісіру, кеспе, кондитер заттарын, қант, витамин өндіру жөніндегі және өндірістің басқа да салаларының мамандарын даярлайды.

Басқа да жоғары оқу орындарына — В. М. Молотов атындағы энергетика институты, И. В. Сталин атындағы станокаспаптар институты, педагогикалық және медициналық институттар да студенттер қабылдай бастады.

Еліміздің жоғары оқу орындары бірінші курстарға барлығы 440 мың студент алады, бұл өткен жылғыдан 25 мың адам артық.

Арыздар қабылдау 31 июльге дейін жүргізіледі. 1 августа қабылдау емтихандары алына бастайды.

(СОТА).

[illegible] жаңа дақыл, [illegible]лді ауылшаруашылық ғылымының кандидаты, Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясының қазақ филиалының аға ғылыми қызметкері К. Кан жолдас. —Оның тұқымын біз еліміздің бірнеше аудандарынан әкелдік. Мал азығындық бұл капуста өте бағалы әсімдік. Оның әрбір гектарынан 600 центнерден астам өнім алуға болады. Капустаны ору октябрь айының аяғы ноябрь айының бас кезінде басталады.

МТС-тегі жаңа құрылыстар

Асанов машина- трактор станциясының коллективі новопавловтықтардың бастамасын қызу қуаттан, елді пункттерді көркейту жұмысына қызу кірісті, қазір мұнда жаңа құрылыстар салынып жатыр. Мұндағы ең үлкен құрылыстардың бірі жөндеу мастерскойы. Мастерскойдың қабырғасын қалау, төбесін жабу жұмыстары қатар жүргізілуде.

Мастерскойдың жанынан салынып жатқан тракторлар жұмыс істейтін гараж және бөлшектер сақталатын қойма құрылысының жұмыстары да аяқталуға жуық. Сол сияқты, машиналар тұратын гараж салынып, электр станциясының, моншаның негіздері қалануда.

демалыс үйлеріне дем алады. Мұның үстіне 29 адам туған елімізге саяхат жасайды. Қаладағы № 6 орта мектептің директоры Құсайынов, Полудень ауданының мұғалімі Брянцев Есентукида, Мамлют ауданындағы Щучинск жетіжылдық мектебінің мұғалімі Токарева, Боголюбова онжылдығының мұғалімі Буянская Кисловодскіде дем алуда.

Туған өлкеге саяхат жасау мұғалімдердің ең жақсы көретін ісі. Мамлют онжылдық мектебінің оқу ісін меңгерушісі Ким жолдас «Серов» теплоходымен Москвадан, Астраханьға, Астраханьнан, Москваға саяхат жасауға жолдама алды. Қаладағы Ушинский атындағы институтың мұғалімі Әлеев Солтүстік Кавказға, № 2 орта мектептің мұғалімі Ивановская Қырымға, Горький атындағы мектептің мұғалімі Сезова Закавказияға саяхат жасайды. Бұдан басқа да көптеген мұғалімдер еліміздің өндіріс орындарында және Волга-Дон каналында болып, өздерінің демалыс уақытын көңілді өткізеді. Бұл олардың еңбекке деген ынта-жігерін арттыра түседі. Сөйтіп, олар жаңа күш, жаңа жігермен жаңа оқу жылын бастайды.

Е. КОЛЕСНИКОВА.

жерді игеруге келген жас патриоттар бар. Команданы краснодарлық патриот, екінші разрядтағы спортшы Ганощенко басқарады.

Волейбол бойынша өткізілген жарыста Преснов ауданының ерлер командасы бірінші орынға шықты. Әйелдер арасындағы жарыста жеңіске ие болған Октябрь ауданының спортшылары болды.

Булаев, Конюхов және Соколов аудандары спортшыларының Булаев селосында болып өткен жарысы да қызу тартыс үстінде өтті. Жарыста булаевтықтар зор табысқа ие болды. Бұл команданың футболшылары Конюхов ауданының волейболшыларын жеңіп шықты. Булаев ауданының әйелдер командасы да бірінші орынға ие болды.

Селолық аудандар спортшыларының зона бойынша өткізілген жарыста жеңіске ие болған командалар финалдық ойында қала спортшыларымен кездеседі.

* * *

Волейбол бойынша өткізілген қалалық жарысқа 9 ерікті спорт-қоғамының спортшылары қатысты. «Искра» командасының волейболшылары жарысты жеңіліссіз өткізіп, бірінші орынға шықты. Екінші орында —«Энергия» командасының футболшылары.

21 июнь. (СОТА).

Ірі теплица-парник комбинатының құрылысы

КУЙБЫШЕВ, 21 июнь. (СОТА). Мұнда үлкен теплица-парник комбинатының құрылысы басталды. Бұл үшін Самар өзенінің жиегінен 125 гектар жер бөлінді. Бұл жерге көлемі 20 мыңнан астам шаршы метрлік 20 теплица, 10 мың рамалы парник, овощь өсіру үшін участоктер, жидек-жеміс бақшасы орналастырылады.

Овощтарды баптап-күту жөніндегі барлық жұмыстарды негізінен механикаландыру қарастырылуда. Комбинат жылына ондаған мың центнер овощь өндіретін болады.

СЕЛЬД АУЛАУ

ВЛАДИВОСТОК, (СОТА). Приморье балықшыларының Охот жағалауларындағы ауданға шыққан экспедициялық флотилиясы Аян маңында сельд балықтарының бір жерге жыйналған үлкен тобын кездестірді. Бірақ, жүзіп жүрген сендер жасырын моторлы қайықтардың дрифтерлі ауларымен балық аулауға мүмкіншілік бермейді. Алайда, олар балықты көптеп аулау үшін күресуде.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат

„Гигант“ колхозының экономикасы нығаюда

Булаев ауданындағы «Гигант» колхозы ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайып, мәдениеті көркейіп келе жатқан ауылшаруашылық артелі. Колхоз өткен жылы шаруашылық салаларында айтарлықтай табыстарға ие болды. Колхоздың жалпы табысы бір миллион сомға жетті.

Колхозда әсресе, егіншіліктің мәдениеті арта түсуде. Өткен жылы ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алынды. Ал, жекелеген участоктердегі жаздық бидайдың гектарынан 25—30 центнерден өнім жыйналды.

Бұл —колхозда ауыспалы егіс тәртібі жүйесінің мұқыят жүзеге асырылуының нәтижесі. Колхозшылар СОКП Орталық Комитеті сентябрь пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, бұйыл дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 16 центнерден өнім алуға міндеттенін отыр. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында бірқатар шараларды жүзеге асырды.

«Гигант» колхозының мүшелері мал шаруашылығын өркендетіп, өнімділігін арттыруда басқа колхоздарға үлгі боларлықтай еңбек етіп жүр. Қоғамдық малдың саны жыл сайын өсіп келеді. Қазір фермаларда 800 бас қара мал болса, мұның 227-і сауын сыйыр. 2218 биязі жүнді қой бар. 270 жылқы, 100-ден астам шошқа және 1000-ға жуық құс бар. Соңғы жылдарда малдың тұқымын асылдандыру жөнінде едәуір жұмыстар жүргізілді. Осының нәтижесінде малдың тұқым сапасы жақсарып, өнімділігі артуда.

Колхоз өткен жылы овощь пен картоп дақылдарынан мол өнім алды. Колхозшылардың еңбеккүндеріне көптеген картоп, овощь берілді және мемлекеттік сауда орындарына жүздеген центнер картоп пен овощь сатып, одан колхоз 240 мың сомнан аса табыс алды.

Колхоздың 12 гектар бау-бақшасы болатын. Мұның көпшілігі бұйыл өнім бере бастайды. Бұйылғы көктемде тағы да 3 гектар бау- бақша егісі егілді. Мұнда омарта шаруашылығы да кең өріс алуда.

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март пленумының қарарларымен жігерленген артель мүшелері колхоздың экономикасын нығайтуда бұйыл өткен жылғыдан да едәуір көрсеткіштерге ие болуға міндеттенін отыр.

Бұйыл колхоздың жылдық табысы бір миллион 900 мың сомға жеткізу жоспарланған. Оның 1 миллион 330 мың сомы егіншіліктан алынбақ. Колхоз саудасын өркендету мақсатымен аудан орталығында колхоз дүкені жұмыс істейтін болады. Онда мал шаруашылығы, егін шаруашылығы өнімдерінен басқа картоп, овощтар сатылады. Мемлекетке мыңдаған центнер астық, картоп пен овощь, жүздеген центнерден ет, сүт сатылуы жоспарланды. Сатуға арналып бірнеше мал қазіргі кезде ерекше күтімге қойылған. Мемлекетке сүт тапсырудың айлық жоспарлары мерзімінен бұрын орындалуда. Бұл жағдай қазірдің өзінде мемлекетке 100 центнерден артық сүт сатылуына мүмкіндік берді.

Колхоздың экономикасының арта түсуі колхозшылардың табысын көбейтуде. Өткен жылы әр еңбеккүнге үш килограмм астық, 1 сом 50 тыйыннан ақша берілді. Бұйыл 4 килограмнан астық, 4 сомнан ақша беру жоспарланды. Қазір колхозшылардың еңбеккүндеріне аванс ақша беріле бастады.

Колхозшылардың табысының молаюы олардың тұрмысының мәдениетті бұлуын қамтамасыз етіп келеді. Селода әдемі салынған үйлер көбеюде. Бұйыл да бірнеше үй салынбақ. Бұрын колхозда кішірек клуб болатын. Қазір сыйымдылығы 350 кісілік жаңадан клуб салынып жатыр. Бұл клуб селодағы мәдениет орталығы болмақ. Онда кітапхана мен оқу залы, кино аппараты орнатылатын бөлме болады. Колхозда радиоторабы орнатылған. Барлық колхозшылардың үйінде радио бар. Дәрігерлік пункт, оқу үйі, балалар яслиі жұмыс істейді. Селода жетіжылдық мектеп бар. Колхозшылардың үйлерінің маңына 200 -ден астам ағаш отырғызылды.

Бұрын колхозда жүк тасыйтын 3 автомобиль болса, өткен жылғы табысқа жаңадан 2 автомобиль сатып алынды. Жақында тағы да бір жүк және бір жеңіл автомобильдері алынады.

Қоғамдық мал шаруашылығының өркендеуі, оның өнімділігінің артуы малдардың жылы әрі жайлы қораларға орналастырылуына тығыз байланысты екендігін колхозшылар жақсы біледі. Бұл колхозда жыл сайын жаңа қоралар салынып келеді. Бұйыл да жаңадан 4 стандартты мал қорасы салынбақ. Колхозда тұрақты құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Ол бригада мүшелері құрылыс жұмыстарында еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. 100 бастық стандартты сыйыр қорасы жақында пайдалануға беріледі. Бұл қорадағы қол еңбегін көп қажет ететін жұмыстар негізінен механикаландырылмақ. Қазірде аспалы жол, мал шаруашылығы үшін жылжымалы электр станциясы сатып алынған. Сыйыр сауатын электр агрегаты жұмыс істейді.

Колхозшылар егіншіліктің мәдениетін арттыруда бұйылғы көктемде бірқатар табыстарға ие болды. Мұнда дәнді дақылдардың көлемі өткен жылғыдан 1000 гектардай ұлғайтылды. Ал, картоп, овощь дақылдарының көлемі де едәуір арттырылып отыр.

Қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету мақсатымен мал азығындық дақылдар егісі едәуір көбейтілді. Көпжылдық екпе шөптердің көлемі 1330 гектарға, біржылдық екпе шөптердің көлемі 710 гектарға жеткізілді. Бұдан басқа 70 гектар сүрленетін дақыл, 60 гектар тамыр жемісті өсімдіктер егілді.

Мал өсірушілер қоғамдық мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөнінде де бірқатар жұмыстар істеді. Қазірдің өзінде мал өсірудің мемлекеттік жоспары қара малдан, қойдан толық орындалып отыр.

Колхоздың экономикасын нығайту күресінде «Гигант» колхозының колхозшылары өткен жылдары елеулі табыстарға ие болғандығы үшін колхоз бұйыл Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып отыр. Колхозшылар қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, егін, мал шаруашылығын өркендетуде, картоп, овощь өндірісін ұлғайтуда жаңа табыстарға жете береді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Колхоз партия ұйымы ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күресте

(Миллионер колхоз партия ұйымының жұмыс тәжрибесінен)

Молотов атындағы колхоз Преснов ауданында ғана емес, бүкіл облысымыздағы үлгілі, ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Колхозды деревняның экономикасы мен мәдениеті соңғы жылдары қызу қарқынмен өркендеді. Өткен жылы колхоздың жылдық табысы 1 миллион 123 мың сом болып, 1952 жылғыдан екі есе асып түсті. Колхозды 17 жыл бойы председатель болып істеп келе жатқан қарт коммунист Петр Ефимович Белогуб жолдас басқарады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль -март пленумдарының қаулылары колхозшы шаруалардың арасында бұрын -соңды болып көрмеген еңбек өрлеуін туғызды. Ал, колхоз партия ұйымы колхозшылардың күн санап өсіп отырған өндірістік белсенділіктерін қолдап, оларды еңбектегі жаңа табыстарға ұйымдастырушы болып келеді.

Партия ұйымының құрамында 31 коммунист бар. Олардың басым көпшілігі колхоз өндірісінің шешуші участоктерінде тікелей жұмыс істеп, өздерінің еңбектегі үлгілерімен колхозшыларды сондарынан ерте білуде. Мәселен, коммунистер Аяғанов, Доброхлеб, Шинкаренко мал шаруашылығында, Жұнысов, Иваненко, Хорошун, Игнатенко, Федотов, Бүкіков және басқалары егін шаруашылығында жұмыс істейді.

Коммунистердің жауапты участоктерде жұмыс істеуі, партия ұйымына колхоз өндірісінің барлық саласына саяси ықпал жасауға мүмкіндік туғызып отыр. Колхоздың экономикасын арттыру үшін күресе отырып, партия ұйымы өзінің бүкіл жұмысын еңбек тәртібін нығайту, колхозшылардың өндірістік белсенділіктерін барған сайын арттыра беру мақсатына бағындырды. Партия ұйымы колхоз басқармасының шаруашылық жұмысына бақылау жасауға ерекше назар аударады.

Ол бюро мәжілісінде және партия жиналысында ферма меңгерушілері мен егіс бригадалары бригадирлерінің, колхоз председателінің есебін тыңдау практикасын жиі қолданады. Бұл іске зор маңыз беріп, партия бюросы күн тәртібіндегі мәселені әзірлеу жөнінде коммунистерге арнаулы тапсырма береді, ол тапсырманың орындалуына көмектеседі.

Қысты күні № 2 бригаданың жұмысы туралы Моисеенко жолдастың есебін тыңдау жөніндегі мәселеге әзірлене отырып, коммунистер ол тапсырған жұмысты атқара алмайтындығын, бригада мүшелеріне талапты кемітпекенін анықтады. Бюро мәжілісіне Моисеенконы қызметтен босату жөнінде мәселе қойылды. Партия бюросының мүшелері Моисеенконың жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынап, оны қатардағы жұмысқа жіберуді ұйғарды. [illegible] бригадирлікке қолынан іс

далуын ұйымдастыра отырып, колхоз экономикасын өркендетуде елеулі табыстарға ие болуда. Ол колхоздың шаруашылық басшыларының есебі бойынша қабылданған қаулылардың орындалуын малшылар мен егіншілер арасында партиялық- саяси жұмысты күшейту, олардың социалистік жарысын пәрменді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырып отырады.

Бұл жөнінде үгіт коллективінің қысқы маусымда сауын сиырлардың құнарлылығын арттыру жөнінде жүргізген жұмысын мысалға алуға болады. Мал фермаларында жұмыс істейтін коммунистер мен комсомолцтер азықты малға ұнақтап және көрттіріп беру жұмысын ұйымдастырды. Мал азығының рационын тәртібі қатаң сақталды. Бұл жұмыс өзінің тиісті нәтижесін берді. Мәселен, бұрын 10 сиырдан 20 күнде нөбары 39 литрден сүт алынса, ол сиырлар күтімге қойылғаннан кейін 10 күннің ішінде 80 литрден астам сүт беретін болды. Жеке сиырлардың құнарлылығы күніне 5—8 литрге дейін артты. Бұл фактіні үгітші коммунистер малшылар арасындағы өздерінің әңгімелеріне пайдаланды. Сөйтіп, мал өсірушілерді біздің облысымыздың жағдайында қысты күні сауын сиырлардың құнарлылығын кемітпеуге болатынына нақтылы фактілермен сендірді.

Партия ұйымы мен колхоз басқармасы қол жеткен табыстарға масаттанбай, олар өткен жылдың кемшіліктерін қайталамауға тырысады. Үгітшілер коллективі СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарының қаулыларын насихаттағанда, өз колхозы мен еліміздің озат шаруашылықтарының көрсеткіштерін үнемі салыстырып отырады. Сөйтіп, олар өз колхозының алдыңғы шаруашылықтарқын қатарына жету үшін ауылшаруашылық өнімдерін есеппен арттырудың қажеттігін үнемі айтып отырады.

Мәселен, Молотов атындағы колхоз өткен жылы бір гектар егістік жерден 142 сом, бір сиыр малынан 98 сом таза пайда көрді. Мұнда әрбір 100 гектар егістік жерге нөбары 1,8 бас сауын сиыр келіп, мемлекетке 1260 литрден ғана сүт тапсырылып отыр. Ал, Москва облысының және еліміздің басқа аудандарының көрсеткіштері мұнан әлде қайда артық. Міне, осы фактіні партия ұйымы үгітшілер арқылы колхозшыларға кеңінен түсіндірді. Сөйтіп, ол колхозшылардың 1954 жылы қоғамдық табысты екі есе арттыру, немесе жылдық табысты 2 миллион сомға жеткізу жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алуына жетісті. Кәзір колхозшы шаруалар дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 16 центнерден, оның ішінде бидайдан 17 центнерден, картоптан [illegible] жолындағы

Партия ұйымы үгітшілер коллективінің жұмысын жоспарлағанда СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль- март пленумдарының қаулылары жөнінде әңгіме өткізу, лекция оқу мәселелеріне ерекше назар аударады. Партия ұйымы ауыл шаруашылығы мамандарының колхозшы шаруалар үшін «Тың және тыңайған жерлерді игеру —астық өндірісін ұлғайтудың зор резерві», «Егіс көлемінің структурасы және шөптанапты егіс жоспарын ұйымдастыру туралы», «МТС — колхоз өндірісіндегі шешуші күш» және басқа тақырыптарда лекция оқуын үнемі ұйымдастырып келеді.

Үгіт коллективінің жұмысын дұрыс жоспарлау және оны ұйымдастыру, саяси үгіттің мақсатты болуы шаруашылық міндеттердің ойдағыдай шешілуіне қажетті әсер етуде. Колхоздың таңдаулы үгітшілері коммунистер мен комсомолцтер Пастух, Птицина, Худина, Моисеенко және басқалары өздерінің әңгімелеріне мұқият әзірленіп, оны қолхоздың, ауданның және облыстың өмірімен тығыз байланыстырады. Олар механизаторлар мен колхозшы шаруалардың еліміздің өмірінде болған жаңалықтарды кезінде білуін, озат әдістерді өндіріске батыл енгізуін қамтамасыз етуге үнемі назар аударып отырады.

Партиялық- саяси жұмысты колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу ауа райының қолайсыз болуына қарамастан көктемгі егісті ұйымшылдықпен өткізуді қамтамасыз етті. Колхоз көктемде тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тапсырманы табысты орындады. Овощь және картоп егістерінің көлемін анағұрлым ұлғайтты. Былыл картоп пен овощь егістері шаршы- ұялы әдістермен отырғызылды. Кәзір колхозда келесі жылдың егісі үшін жер жырту, шөп шабу науқаны қызу жүргізілуде. Партия ұйымы көктемгі дала жұмыстары кезіндегі партиялық-саяси жұмыстың түрлері мен әдістерін баянды ете отырып, жазғы дала жұмыстары кезінде социалистік жарыстың мазмұнды ұйымдастырылуына жетісуде.

Партия ұйымы және колхоз басқармасы шаруашылық жұмыстарды ұйымдастырумен бірге, колхозшылардың мәдениетті тынығуын естен шығармайды. Колхоздың көркемөнерпаздар ұйірмесінің коллективі республикада бірінші орынға ие болды. Оның тәжрибесінен бүкіл республиканың колхоздарының көркемөнерпаздар ұйірмелері өнеге алуда. Колхоз клубында ауыл шаруашылығы тақырыптары жөнінде лекция оқу, әңгіме өткізу кеңінен ұйымдастырылған. Колхоздың көркемөнерпаздар коллективі егіс бригадалары мен мәл фермаларында жиі бо- [illegible]

Корей мәселесі шешуді күтеді

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде корей мәселесін талқылау аяқталды. Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және Корей Халық-Демократиялық Республикасының делегациялары кеңестің бүкіл барысында инициативаны өз қолдарында сақтап, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеудің айқын және дәлме- дәл программасын ұсынды.

Кеңестің корей проблемасы жөнінде келісімге жетпеген себебі сол, АҚШ делегациясы және оның соңынан еруші басқа елдердің өкілдері— Кореядағы агрессияға қатысушылар Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен тұрақты реттеуге бағытталған қарарлар қабылдауға кедергі келтірді.

Өмірлік маңызы зор бұл мәселені талқылауды тоқтату инициативасы АҚШ-тың және олардың Кореядағы агрессия жөніндегі одақтастарының тарапынан жасалды. Олар декларация ұсынып, бұл декларация олардың Женева кеңесінде онан әрі жеңіссіздер жүргізуден бастартатынын білдірді. Сөйтіп, АҚШ-тың және БҰҰ жалауын бүркеніп, Кодеядағы американ интервенциясына қатысқан біркатар басқа мемлекеттердің Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен реттеуге қандай дәрежеде болса да көмектескісі келмегендігі мейлінше айқын көрінді.

Қурама Штаттар алғашқы күндерден бастап Женева кеңесін халыққа жат лисынмандық тәртіпті Солтүстік Кореяға да тарату үшін пайдалануға тырысып бақты. Олар ұшжылдық кескілескен соғыста қарудың күшімен жете алмаған мақсатына Женевада жетуді көкседі. Агрессорлар соғысты қайта бастаймыз деп қорқыту арқылы өздеріне тиімді шарттар қоямыз және халыққа жат, тозығы жетіп шіріген, жартылай фашистік лисынмандық тәртіпті Солтүстік Кореяға қабылдатамыз деп ұміттенді.

«Күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» бұл саясат Женевада сәтсіздікке ұшыраған кезде, Қурама Штаттардың делегациясы корей мәселесін талқылауды сәтсіздікке ұшырату үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бақты. Ол осы мақсатпен қасарысып отыру тактикасын қолданды. Бұл тактиканың мәнісі мынада болды: АҚШ делегациясы өзінің келіскісі келетінін көрсететіндей ешқандай ұсыныс енгізбей, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Совет Одағы делегацияларының барлық ұсыныстарын қабылдамай тастады.

КХДР сыртқы істер министрі Нам Ир 27 апрельдің өзінде Кореяның ұлттық бірлігін қалпына келтіру және жалпыкорейлік еркін сайлау өткізу туралы ұсыныс енгізген болатын. Бұл ұсыныстар корей мәселесін бейбіт құралдармен реттеуісі корей халқының өзіне берілуге тиіс деген қағидаға сүйеніп жасалды. Елдің бірлігін нақты іс жүзіне асырудағы аса маңызды кезең бүкіл Корея халқының өз тілектерін еркін білдіруі негізінде жалпыкорейлік сайлау өткізу болуға тиіс. Міне [illegible] КХДР делегациясы ұсын- Келісілген қарар қабылдауға кедергі жасауға тырысып, олар КХР-дің ақылға сыйымды ұсынысына сайлауды бақылау ісін Біріккен Ұлттар Ұйымына беру талабын қарама-қарсы қойды. Бұл талапты қабылдауға болмайтыны мүлде айқын, өйткені БҰҰ соғысушы жақтың халіне ұшырап отыр. Сөйтіп ол өзінің тұрашы халықаралық орган ретінде қиымыл жасау мүмкіндігінен айрылып қалды да, ендігі жерде корей мәселесін шешуде объективтік міндеттер атқара алмайтын болып отыр.

Совет делегациясы 5 июньде кеңеске қатысушылардың көзқарасын жақындастыруға, сөйтіп келісімге жетуді жеңілдетуге бағытталған ұсыныстар енгізді. Совет Одағының Сыртқы істер министрі В. М. Молотов былай деп жазылған қарар қабылдауды ұсынды: Женева кеңесіне қатысушылар бүкіл Кореяның территориясында алты ай мерзім ішінде еркін сайлау өткізу туралы сайлау әзірлеу, оны өткізу және КХДР мен Корей республикасының өзара жақындасуына көмек көрсету мақсатымен КХДР мен Корей республикасы өкілдерінен жалпыкорейлік орган құру туралы; барлық шетелдік әскерлерді Кореядан әкету туралы; жалпыкорейлік еркін сайлау өткізуді бақылау үшін тиісті халықаралық комиссия құру туралы; Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдауға анағұрлым мүдделі болып отырған мемлекеттер Кореяның бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз етуге өздеріне міндеттеме алуға тиіс, мұның өзі Кореяны ұлттық жағынан біріктіру міндетін шешуге көмектескен болар еді деп келісті.

Бұл қарарды қабылдау Женева кеңесінің бұдан былайғы жұмысын жеңілдетіп, талас мәселелер жөнінде онан әрі пікірлер алысуға және келісімге жетуге мүмкіндік берген болар еді. Совет ұсыныстарын Корей Халық- Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы толық мақұлдап қарсы алды, бірақ бұл ұсыныстар БҰҰ жалауын бүркеніп Кореядағы американ агрессиясына қатысқан мемлекеттер тарапынан нақты қараудан өрескелдікпен бастартқан әрекетке тағы да кездесті.

Сонымен, Женева кеңесінде корей мәселесін талқылаған кезде екі түрлі саяси бағыт мейлінше айқын көрінді. Бұл бағыттың бірі Азия халықтарының ұлттық тәуелсіздік, мемлекеттік суверенитет негізінде еркін дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Екінші бағыт Азияда отаршыл державалардың дәуірені өткен артықшылықтарын қалпында сақтауда болып отыр, ал азиялық халықтар бұған мейлінше батыл қарсы шығуда.

зінде жүргізіп отыруға тиісілі болатынды. Трактор бригадаларында әрбір трактора сменалық техникалық күтім уақытылы жүргізіледі. Бізде трактордың атқарған жұмыс көлеміне қарай техникалық күтім жүргізудің тәртібі қатаң сақталады. Мұнымен бірге совхоздағы екі жылжымалы мастерской бригадаларға күнбе-күн көмек көрсетіп отырады.

Совхозға бекітіліп берілген жердің құнарлылығы жақсы. Кейбір участоктерде то пырақтың құнарлы қабатының қалыңдығы 60 сантиметрге дейін барады. Бұл жерді түренді соқамен 22-25 сантиметр терендікте жыртуға болады деген сөз. Механизаторлар жер жыртуды осылайша жүргізіп те келеді.

Кәзір совхозда барлығы 5000 гектардан астам пар жыртылды. Жердің жырту терендігі 22 сантиметрден кем емес. Бұл жұмыста Пустовалов жолдастың басқаруындағы бригаданың мүшелері еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Трактористер Иванов және Дзиган жолдастар жер жыртуда сменалық тапсырмаларын артығымен орындап, жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Осы сыяқты, Костенко жолдастың басқаруындағы № 2 трактор бригадасының мүшелері де пар жыртудың бес күндік графиктерін үнемі толық және артығымен орындайды. Механизаторлар еңбек өнімділігін күн сайын арттырып, пар жырту жоспарын 1 июльге дейін толық орындап шығу үшін күресуде.

Совхоз коллективінің алдында тұрған негізгі бір міндет —құрылыс жұмыстарын кеңінен өрістету болып есептелінеді. Біз бұл іске айырықша көңіл бөлдік. Совхозға мемлекет тарапынан 35 жайналмалы үй берілді. Оның 20-сы бір пәтерлі, 11-і 4 пәтерлі, 4-үі сегіз пәтерлі үйлер.

Бұл үйлерді құрастыру және басқа да құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін құрамында 180 жұмысшысы бар алты құрылыс бригадасын ұйымдастырдық.

туде. Шаруашылықтың барлық саласында еңбек етіп жүргендер өзара социалистік жарысқа қосылып, жұмысты өнімді, сапалы әрі тиімді істеу үшін күресуде. Әрбір трактор бригадасында мәдениет қосы жұмыс істейді. Онда саяси және әдеби кітаптар, дойбы, шахмат, домино, музыка аспаптары, радио қабылдағыштар бар. Орталық және облыстық газеттер кезінде келіп тұрады.

Алайда, біздің жұмысымызда кемшілік жоқ деуге болмайды. Әсресе, құрылыс жұмыстарының қарқыны тиісті дәрежеде емес. Оған негізгі себеп құрылыс материалдарының совхозда жеткіліксіздігі. Осы уақытқа дейін совхоздар тресі тарапынан бізге бірде -бір текшеметр ағаш босатылған жоқ. Құрылысқа қажетті ағашты жергілікті жерден дайындауға да жете көңіл бөлінбей келеді. Мұнымен бірге совхозда кірпіш, шеге сияқты құрылыс материалдары жеткіліксіз. Бұл жөнінде облыстық совхоздар тресінің басшылары мен «Сельхозснаб» мекемесінің қызметкерлері бізге нақтылы көмек көрсете алмай жүр.

Булаев аудандық тұтынушылар одағының басшы қызметкерлері әлі де болса совхоз жұмысшыларының тілегін қанағаттандыруға жеткілікті мән бермейді. Дүкендерде жұмыс киімдері, әсресе, жеңіл кастюмдер мен аяқкиімдері аз. Жоғарыда аталған ұйымдардың басшыларының бұл кемшіліктерді жоюға көмек көрсететін уақыты жетті. Сондықтан, олардан өз жұмыстарын жаңа талапқа сай қайта құруын талап етеміз.

Біздің совхоздың коллективі ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда, құрылыс саласында жаңа табыстарға жету жолындағы өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетеді, еңбек өнімділігін есеп арттыру арқылы жаңа табыстарға жетеді.

★



Маленков атындағы астық совхозында құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Орталық усадьбада жаңа салынған тұрғын үйлер саны көбеюде.

СУРЕТТЕ: Орталық усадьбада жаңа үйді құрастыру.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру

П. ДЬЯЧЕНКО,

Киров атындағы совхозының директоры

* * *

Біздің совхоздың коллективі мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне баса көңіл бөліп келеді. Өйткені, бұл жұмыс мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыруда партия мен үкмет алға қойып отырған аса жауапты міндеттердің мүлтіксіз жүзеге асырылуына қолайлы жағдай туғызатын болады.

Өткен жылы мал қораларының бәріне автомат мал суарғыш және су тартқыш орнатылды. Сол сияқты, сауын сыйырлар тұратын қораға сыйыр сауатын электр агрегаты енгізілді.

Сонымен бірге, үстіміздегі жылы тағы да екі қораға автомат суарғыш, екі асфалты жол, жоғары вольтті электр линиясын орнатуды жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыстарды пар жырту, оны күту, малға жемшөп дайындау, егін оруға әзірлік жұмыстарымен қатар жүргізу үшін арнаулы бригада ұйымдастырылды. Ол бригада, егін жыйнау кезінде де мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру ісінен ауыстырылмайтын болады.

Мал қораларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру жөніндегі белгіленген жоспарды жүзеге асыру бұрын қолмен

ды. Совхоз мал өсірушілері жем-шөп мандағы бұл кемшіліктерді жоюдың бірқатар шараларын белгілеп, оны мұқият жүзеге асырды.

Мал мамандары алдымен малды азықтандырудың рационын өзгертіп, совхозда мал азығының берік базасы жасалуына жетісті. Соңғы екі жыл бойы қоғамдық малдар құнарлы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуде. Бұдан кейін мал тұқымын асылдандыру жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Аналық малдарды асыл тұқымды аталық малдармен шағылыстыру арқылы совхоз малдың өнімді мол беретін малға айналуына жетісуде.

Осындай шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде быйыл мал шаруашылығында айтарлықтай табыстарға ие болудамыз. Кәзірдің өзінде жоспардан тыс 420 қара мал өсірілуде. Сауын сыйырларды өсіру жөніндегі жоспарды 1 октябрьге дейін орындап шығуға толық мүмкіншілік бар. Осы сыяқты, қой өсіру жоспары 123 процент, жылқы өсіру жоспары 117 процент орындалды. Совхозда 1600 бас шошқа болуы керек. Кәзіргі қолда бары 1117 бас. Бұл уақытқа дейін 150 бас шошқа мемлекетке ет есебіне тапсырылды. Әлі де 50 мегежін торайлайды. Бұдан алынған торайларды шығынсыз өсіру арқылы шошқа өсірудің мемлекеттік жоспарын толық орындайтын боламыз.

Сауын сыйырларды қыста болсын, жазда болсын құнарлы жемшөппен азықтандырып, зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күту арқылы олардың құ-

кіштерге ие болудамыз. Совхозда бірінші жарты жылда әрбір сыйырдан 865 литр сүт алынуы жоспарланса, біз бес айдың ішінде 887 литр сүт алдық. Жекелеген сауыншылар бұдан да жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Сауыншы 3. Токарева жолдас сүт алудың төрт айлық тапсырмасын 156 процент орындады. Сыйырлардың құнарлылығын арттыру арқылы мемлекетке сүт тапсырудың бес айлық тапсырмасын 115 процент орындауға жетістік.

Мал өсірушілер соңғы жылдары мемлекетке ет есебінен тапсырылатын малдарды сехіртуге ерекше назар аударып келеді. Бірінші жарты жылдықта дайындау орындарына 396 центнер орнына, 469 центнер ет тапсырдық. Мұның 52 проценті семіз ет. Шошқаның семіз етін тапсыру жөніндегі міндеттемені де артық орындадық. Кәзіргі уақытта мемлекетке тапсырылатын 110 қарамал және 250 шошқа бордақталынуда.

Совхоз шопандары қойлардың тұқымын асылдандыру арқылы быйыл әрбір қойдан 2,8 килограмнан жүн алды. Бұл өткен жылғыдан едәуір артық. Мемлекетке сүт тапсыру жөніндегі жылдық жоспар кәзірдің өзінде 120 процент орындалып отыр.

Біз мал шаруашылығында осы уақытқа дейін қол жеткен табыстарды баянды ете береміз. Совхоздың мал шаруашылығын бұдан былай да өркендете беру үшін мал азығының берік базасын жасауға мықтап көңіл бөлудеміз. Осы уақытқа

атқарылып келген бірқатар жұмыстарды жеңілдетеді. Қысқы маусымда мал фермаларында жұмыс істеп жүрген бірқатар адамдардың қолын босатады. Міне, сондықтан да, мал шаруашылығын механикаландыруда жұмыс істеп жүрген адамдарымыз бұл жұмыстарды тез аяқтауды көздеп отыр.

Бұл күндері совхоз бөлімшелерінде 5 трактор бригадасы шөп дайындауға кіріскеті. Оларда 7 агрегатпен шөп шабылуда, 6 тракторме шабылған шөп жыйналып, маяға салынуда. Шөпті шабу, жыйнау, маялау жұмыстары негізінен механика күшімен атқарылып келеді.

Пішен жыйнағыш, шөмелелегіш және маялағыш машиналарды механизмді жақсы білетін маман механизаторлар басқарып жүр. Олар бұл машиналардың күштін тиімді пайдалана отырып, шабылған шөпті дереу жыйнап, шөмелелеу және маялау жұмыстарын ойдағыдай атқарып келеді.

Совхоз коллективі мал қораларындағы және жемшөп әзірлеудегі еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті түрде механикаландыра отырып, мал шаруашылығын совхоздың үлгілі шаруашылығына айналдырады.

★

Жаңа совхоздар өз шаруашылықтарына ірі қара мал алуда. Докучаев атындағы астық совхозы 51 бас мал, оның ішінде 30 сауын сыйыр алды.

Армавирден келген сауыншы Вера Токарева өзіне бекітіліп берілген 10 сыйырдың әрқайсысынан күн сайын 10 литрден сүт сауып жүр.

СУРЕТТЕ: **В. Токарева** жолдас сауған сүтін флягаға құйып тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

натын ошмда едәуір арттырылды. Ал, жаңадан ашылған участоктердегі көпжылдық екпе шөптердің өнімін арттыру мақсатымен оны баптап, күтуді үлгілі ұйымдастырдық. Бұдан басқа 550 гектар бір жылдық екпе шөптер, 300 гектар сұлбенетін дақыл, 100 гектар тамыржемісті өсімдіктер егілді. Мал азығындық дәнді дақылдардың көлемі өткен жылғыдан 150 гектар ұлғайтылды. Быйыл 2850 тонна күнбағыс және жүгері, сол сияқты, 800 тонна мал азығындық қызылша сұрленеді. Бұл үшін бірқатар жұмысшылар шұңқырлар қазуға бөлініп, олар өнімді жұмыс істеуде.

Біржылдық және көпжылдық екпе шөптер егісінен быйыл кемінде 60 мың центнер мал азығы дайындалады. Мұнымен бірге, табиғи шөптерді көптеп дайындаймыз. Кәзірдің өзінде шөп шабуға кірістік. Тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп машиналарын өнімді пайдалана отырып, 10 мың центнер табиғи шөп жыйнаймыз. Бұл күндері шөп шабуда жұмыс істеп жүрген үш трактор бригадасы өздерінің күндік, бескүндік тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр.

Совхозда мал басының көбеюі жаңадан бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Жыл басынан совхозда құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, ол бригаданың мүшелері мал қораларын сату жұмысын қызу қарқынмен жүргізуде. Быйыл жаңадан сыйыр қорасы, шошқа, қой қоралары пайдалануға беріледі.

Совхозда мал шаруашылығының өркендей түсуі совхоздың табысын молайтуда. Мұның өзі совхоздың рентабельді шаруашылыққа айналуына мүмкіндік береді. Сондықтан да, совхоз мал өсірушілері мал басын көбейту және өнімділігін арттыруда қажырлы еңбек ете отырып, жыл аяғында жаңа табыстарға жетеді. Сөйтіп, мал шаруашылығын мол табысты шаруашылыққа айналдырады.

отырғызуда мол тәжрибелі адамдар көптеп саналады.

Бізде қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне көптеп көңіл бөлінуде. Картоп отырғызу жұмысы негізінен механикаландырылды. Бұл жұмыста «СКГ —4» машинасы өнімді пайдаланылды. Осының нәтижесінде біз 160 гектар картопты шаршы-ұялап отырғыздық. Быйыл картоп пен овощтардың қатараралықтарын баптау жұмысы да механикаландырылады. Овощтарды суару жұмысын механикаландыру үшін кәзір бұл іске барлық жағынан әзірлік жүргізілуде. Быйыл бірінші рет картоп жыйнау ісінде картоп жыйнағыш комбайнды пайдаланамыз.

Алайда, жұмысымызда кемшіліктер жоқ деп айта алмаймыз. Бізде картоп тұқымын сақтайтын қоймалар жеткіліксіз. Совхозда небары сыйымдылығы 250 тонналық қана қойма бар. Кәлесі жылы картоп егісінің көлемі быйылғыдан едәуір арттырылады. Сондықтан, картоп сақтағыш орындарды жаңадан салу қажет. Алайда, совхоздар тресі бұл жөнінде бізге ешқандай көмек көрсетпей отыр. Ал, картоп сақтағыш орындарды салуға бізде құрылыс материалдары жоқ.

Алдағы жылы картоп егісінің көлемі— 400 гектар, овощтардың көлемі —150 гектарға дейін арттырылады. Осыған байланысты совхозда жұмысшылар саны да көбейеді. Алайда, бізде жұмысшылар үшін тұрғын үйлер жеткіліксіз. Кемінде жаңадан 50 тұрғын үй салу керек. Бірақ, бұл іске ешқандай қаржы бөлінбей-ақ келеді.

Совхоз коллективі істегі орын алған кемшіліктерді жоя отырып, картоп, овощь дақылдарын өсіруде жаңа табыстарға жететін болады.

Бұлар Ново-Кубань МТС-нен келді

Октябрь ауданындағы Коновалов машина- трактор станциясының комсомолец Иван Лебедев басқарған трактор бригадасы тың және тыңайған жерді көтеретін бригада деп аталады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғанға дейін бұл бригаданың барлық мүшелері Краснодар өлкесіндегі Ново -Кубань машина- трактор станциясында жұмыс істеген еді. Олар өздерінің туған жерінде қажырлылықпен еңбек етіп, еңбек даласының озаттары атанған-ды. Отан игілігі үшін еңбек ету—бұл бригада мүшелерінің бойларына сіңген әдет еді.

Пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен барлық ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі —астық шаруашылығын шұғыл арттыру күресіне шақырған партияның үндеуін олар аса зор саяси белсенділікпен қарсы алды. Сондықтан да олар партия алға қойып отырған аса жауапты міндетті — тың және тыңайған жерлерді игеру күресінің алдыңғы сапында болу үшін өздерінің Солтүстік Қазақстан облысына баратындығын білдіріп арыз берді. Жергілікті партия ұйымы жас патриоттардың бұл өтініштерін қызу қолдап, қанағаттандырды.

Тың және тыңайған жерді игеру үшін өз еріктерімен келген жас механизаторлар бригадасының мүшелерін Коновалов МТС-нің коллективі зор қуанышпен қарсы алды. Олар кубаньдықтардың социалистік соревнованиясын [illegible]

чивтің бұл қамқорлығын еңбек даласында озат жұмыс істеумен ақтады. Көктем егісінің алғашқы күндерінен бастап- ақ бригада мүшелері еңбектің тамаша көрсеткіштеріне жетісті.

Бұл бригаданың мүшелері тракторлардың техникалық күтіміне баса көңіл аударудың және өз мамандықтарын шебер меңгерудің нәтижесінде тракторлардың көктем егісі және пар жырту маусымында өнімді жұмыс істеуіне сәйтіп, күнделік және маусымдық тапсырманы асыра орындауға мүмкіншілік алды. Бригада мүшелері жұмыс кезінде машинаны бірде- бір сағат текке қарап тұрғызған емес.

. . . Ұшы- қыйырына көз жетпес құнарлы топырақты кең даланың төрінде су өтпейтін брезенттен жасалған биік палатка көрінеді. Палатка төбесіне тігілген ту және оның ішінен естіліп жатқан радио дауысы оны мекендеушілердің осы даланың қожасы екендігін айтпай-ақ ұғындырғандай. Палатканың іші өте жыйнақты. Оның арғы бұрышында орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдар. Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан трактор бригадасының мүшелері үшін жіберген мәдени посылкаларында келген радиоқабылдағыш, патефон, сырнай, шахматтар мен дойбылар да сол бұрыштағы столдың үстіне орналастырылыпты. Механизаторлар, әрсесе, өздері

Механизаторлар өздерінің қажырлы еңбектерімен колхозшылар құрметіне бөленген. Күнделік норманы бір жарым- екі еседен асыра орындап, жұмыстың сапалы болуына жетісу олардың дағдысына айналған. Олар көктем егісі кезіндегі жұмыс жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындап, кәзір келесі жылдың егісі үшін пар мен зябь дайындауда елеулі табыстарға ие болып жүр.

Еңбек даласының озаттары — жас патриоттар өздерінің бос уақыттарын да көңілді өткізеді. Бұл үшін оларға барлық мүмкіншілік жасалған.

Озат еңбек иелерінің қажырлы еңбектерін жоғары бағалаған Коновалов машина- трактор станциясының дирекциясы жуырда Лебедев басқарған бұл трактор бригадасына МТС-тің Ауыспалы Қызыл Туын тапсырды. Патриот-механизаторлар өз еңбектерінің жоғары бағаланғандығына алғыс айтып, тың және тыңайған жер игеру жоспарын аброймен орындап шығу жолында өздерінің күш мүмкіншіліктерін аямай жұмсайтындықтарына сөз берді.

Кубаньдықтардың бұл міндеттемелерін аброймен орындап шығатындықтарына сенім мол. Оған патриот -механизаторлардың көктем егісі және пар жырту кезіндегі қажырлы еңбектері дәлел.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) трактершылар Василий Алехин.

Бивеннің Кардиффте сөз сөйлеуі

ЛОНДОН, 20 июнь. (СОТА). Оңтүстік Уэльс шахтерлерінің 19 июньде Кардиффте болған митингісінде ағылшын парламентінің мүшесі лейборист Эньюрин Бивен көптеген мың адамның алдында сөз сөйлеп, Батыс Германияны қаруландыру және Англияны американдық устемдікке бағындыру саясатын қатты сынаған.

Бивен митингке қатысушыларға мынадай сұрақ қойған: «егер немістердің армиясы, соғыс- теңіз флоты және соғысәуе күштері болған күнде, егер олардың атом қаруы болған күнде, сіздер анағұрлым хауіпсіз боламыз деп сезер ме едіңіздер?».

Бұған барлық адам бірауыздан: «жоқ» деп жауап берген.

Бивен бұдан кейін былай деген «біз жалпыға бірдей бейбітшілікті хауіп төндірмейтіндей жағдайда Германияның ұлттық мемлекеттігінің қайта орнауын тілеймiз. Батыс Германияны қаруландырудың дүниежүзілік үшінші соғыска әзірлік болып шығуы әбден ықтимал. Бүкіл дүние жүзіндегі қатардағы адамдар соғыс болмай қоймайды деген ұғымға сүйенетін дипломатияны тілемейді».

Бивен бұдан кейін, өзінің пікірінше, «ағылшын сыртқы саясаты бірқатар жылдар бойы Құрама Штаттардың тұпкі ықпалында тым көбірек болды» деп мәлімдеген. Бивен былай деп сұраған: шынында да біз Құрама Штаттармен шамадан тыс тығыз ынтымақтасудан бастарта бастаған кезде ғана біздің Женевада кейбір табысқа жеткеніміз сүйсінерлік іс емес пе? Жағдай жақсарып келеді. Бұл нелiктен? Мұның себебі сол біз оқыйғалардың барысына бағына отырып, өз саясатымызды аз- аздан жүргізіп келеміз, ал мұның нәтижесінде бейбітшілікке жету мүмкіндіктері арта түсуде».

Қытай Халық Республикасын тану туралы мәселеге тоқтай келіп, Бивен белгілі бір ұлы державаны оқшаулау жолымен бүкілдүние жүзінде бейбітшіліктi қамтамасыз етуге болады дегенге сенбеймін деп мәлімдеген. Бұдан бұрынғы болғандай-ақ совет революциясына қарсы қандай әрекет жасаған болса, кәзіргі уақытта американдар да қытай революциясына қарсы сондай әрекет жасауға әрекеттенуде. Олар Қытайдың төңрегінде дүшпан мемлекеттердің қоршауын жасап. Қытайды ұстап тұруға әрекет етуде. Егер мен европалықтардың Оңтүстік -Шығыс Азияның отарлауын баянды ету үшін бірде- бір солдатты құрбан етпеу керек дейтін болсам, онда мен Англия еңбекшілерінің көпшілігінің пікірін білдірген болар едім деп ойлаймын».

Бивен жыйнайтын шахтерлерден Қытайда Чан Кай-шидің үкмет басына қайта оралуын сіздердің қайсыңыз тілеген болар едіңіздер деп сұраған. Бұған бірдебір қол көтерілмеген, сондықтан Бивен былай деген: «солай бола тұрса да, Құрама Штаттардың сыртқы саясаты міне дәл осыны көздейді».

Митингке қатысушылар Великобритания үкметінің жаппай қырып- жоюын қаруға тыйым салуды жақтап, Батыс Германияны қаруландыруға қарсы шығуын талап еткен қарар қабылдаған.

Гватемаладағы оқыйғалар жайында

НЬЮ-ЙОРК, 19 июнь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Тегусигальпадан (Гондурас) берген хабарына қарағанда, Гватемала радиосы бүгін, 18 июньде 12 самолет Гватемаланың астанасын бомбалады, деп хабарлаған. Тілшінің айтуына қарағанда, басқа екі қалада —Пуэрто-барриос және Сан-Хоста бомбылау объектісі бензин сақтайтын орын болған.

Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, Пуэрто- барриос пен Сан- Хостан басқа Мексика шекарасына жақын жердегі Реталулеу темір жол тарабы мен Гондурас шекарасына жақын жердегі Сакапа темір жол орталығы самолеттерден бомбылауға және одан кейін құрғақтағы әскерлердің шабуылына ұшыраған.

Гватемаладағы оқыйғалар

НЬЮ- ЙОРК, 19 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарынан мәлім болып отырғанындай, бүгін БҰҰ секретариатының Гватемала сыртқы істер министрлерінен Хауіпсіздік Советінің председателіне жолдаған телеграмма алғаны белгілі болды.

Өзіне интервенция жасалуына байланысты Гватемала бұл іске БҰҰ-ның Хауіпсіздік Советінің араласуын өтінген.

Гватемаладағы оқыйғаларға байланысты Мексика Коммунистік партиясының мәлімдемесі

НЬЮ- ЙОРК, 19 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Мексика қаласынан берген хабарына қарағанда, Мексика Коммунистік партиясы Мексиканы «қорғауы үшін не қажет болса, Гватемаланы соның бәрімен» қамтамасыз етуге шақырған. Мәлімдемеде бұл шабуылға Құрама Штаттар жауапты және мексикалықтар «Гватемалаға көмек көрсетуді мексикан халқының өзін тікелей қорғау шарасы ретінде» қалуға тиіс, деп атап көрсетуде.

Гватемаланың Хауіпсіздік Советіне жазған өтініші жайында

ЛОНДОН, 20 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Нью- Йорктан мынаны хабарлады:

Гватемаланың сыртқы істер министріТориэльоның Хауіпсіздік Советіне жолдаған телеграммасында былай делінген: «агрессияны бірнеше шетел монополияларының айдап салуымен Гондурас пен Никарагуа үкметтері жасады». Мұнда, әңгіме Гватемалада өлденген жерлері көп американ «Юнайтед Пресс компаниясы» туралы болып отыр, деп есептелуде. Гватемала үкметі «Орталық америкадағы бейбітшіліктің бұзылуына кедергі жасау» үшін БҰҰ Уставының 34, 35 және 39 статьяларына сәйкес Хауіпсіздік Советінің мәжлісін шақыруды өтінген.

ГВАТЕМАЛАНЫҢ БҰҰ-дағы ӨКІЛІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ- ЙОРК, 20 июнь. (СОТА). Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілі Кастильо Арриора Ассошиэйтед Пресстің тілшісіне мынаны мәлімдеді: Хауіпсіздік Советінің мәжлісін шақыру туралы Гватемала сыртқы істер министрінің өтінішін алғаннан кейін Арриора Хауіпсіздік Советінің председателі АҚШ өкілі Лоджқа телефон соғып, Советтің мәжлісін 19 немесе 20 июньде шақыруды өтінген. Лодж Совет мәжлісін 21 июньде түстен кейін ғана шақыра алатынын айтып жауап берген. Гватемаланың өкілі ертерек шаралар қолдануын тілейтіндіктен өзінің тағы да әрекет қолданатынын атап көрсеткен.

Гватемаланың өкілі тілшіге өзінің Хауіпсіздік Советінің бюро мәжліс шақыруын тілейтінін мәлімдеген, өйткені, шабуылға тойтарыс беру үшін Гватемаланың самолеттері жетіспейді... «бізде өте ескі самолеттер бар, ал, бізде шабуылдың кәзіргі кездегі самолеттер көмегімен жасалғаны белгілі болып отыр».

Ассошиэйтед Пресс агенттігі Хауіпсіздік Советін шақыру туралы өтініштің Гватемала қаласынан 18 июньде жіберілгенін және оны БҰҰ секретариатының 19 июньде тәңергең алғанын көрсеткен.

ГВАТЕМАЛАНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АРБЕНСТІҢ РАДИО АРҚЫЛЫ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

НЬЮ- ЙОРК, 21 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Гватемаладан хабарлағанындай, Гватемаланың президенті Арбенс өзінің радио арқылы сөйлеген сөзінде жұмысшылар мен шаруаларды «Гватемаланы қорғап қалу үшін басқыншыларға қарсы күреске шығуға» шақырған.

Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда агент: басып кірген әскерлер Гватемала территориясына бірнеше километр өтті деп мәлімдеген. Ол шылар, Баррио пен Чикамула департаментіне өтіп кетті, деп мәлімдеген.

Ол былай деген: «біздің қылмысымыз интервенттік компанияларға қарсы бастаған аграрлық реформа жүргізгеніміз болып отыр. Біздің қылмысымыз патриоттар ретінде өзіміздің тәуелсіздікке жетуге ұмтылып отырғандығымызда».

Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Мексикадан берген хабарына қарағанда, Арбенс Гватемала үкметіне қарсы бүй-

[illegible] қажырлылықпен еңбек етіп, соған сәйкес ойдағыдай тынығулары үшін қажетті жағдай- мүмкіншіліктердің бәрін жасады.

Жас механизаторлар коллективінің туған елі — Кубаньнан радиоқабылдағыш арқылы хабарлар мен ән-күйлер тыңдап отырады. Бұл палатка — кубаньдық жас механизаторлар бригадасының мүшелерінің мекені.

Михаил Попов, Иван Лебедев (трактор бригадасының бригадирі) және Михаил **Мальцев** бригаданың палаткасында демалыс кезінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Саяси және ғылми білімдерді тарату ісін жақсарта берейік

Жуырда Бүкілодақтық саяси және ғылми білімдер тарату қоғамы Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің II-пленумы болып өтті. Пленумда Бүкілодақтық қоғамның II съезінің қорытындылары және облысымызда лекциялық насихатты жақсарту шаралары жөнінде облыстық Совет атқомі председателінің орынбасары Сошникова жолдас баяндама жасады.

Бүкілодақтық қоғамның облыстық бөлімшесінің барлық аудандарда филиалы бар. Кәзір ол 500-ден астам интеллигенцияның, әртүрлі мамандықтың, алдыңғы қатарлы еңбек озаттарының өкілдерін біріктіріп отыр.

Облыс еңбекшілері арасында саяси және ғылми білімдерді насихаттау жұмысы жыл сайын жақсарып келеді. Өткен жылдарға қарағанда биыл оқылған лекциялардың саны көбейіп, идеялық мазмұны біраз артты. Тек өткен жылдың өзінде ғана облысымызда қоғам мүшелерінің күші мен 1694 лекция оқылды. Демек, мұның 1952 жылғыдан 492 лекциясы артық.

Облыстық бөлімше СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдарын басшылыққа ала отырып жергілікті жерлерде лекцияны көптеп оқуға баса көңіл бөліп келеді. Биылғы жылдың өткен бес айы ішінде оқылған 1186 лекцияның 72 проценті ауылдық-селолық жерлерде оқылды.

Бөлімшенің аудандағы филиалдарының жұмысы да бұрынғы жылдармен салыстырғанда едәуір жақсарды. Тек биылғы жылдың екінші тоқсанының алғашқы екі айы ішінде бөлімшенің Ленин аудандық филиалы (басқарма председателі Күдербеков жолдас) аудан еңбекшілеріне 84 лекция оқып берді. Ауданның колхоздары, совхоздары мен МТС-тері түрлі тақырыпта лекциялар оқу жөнінде облыстық бөлімшемен шарт жасады.

Филиал лекциялық насихатты жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Ол аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде бекітілді. Сол сияқты бөлімшенің Конохов ауданындағы филиалыда еңбекшілерді лекциямен қамтуда бірталай жетістіктерге ие болып келеді. Тек осы жылдың өзінде ғана аудан еңбекшілері үшін жүзден астам лекция оқылды. Оның көпшілігі ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған.

Бұдан облыстық бөлімшенің және оның филиалдарының жұмысында ешқандай кемшілік жоқ деген қорытынды шықпайды. Облысымызда маркстік-лениндік теория, СОКП-ның басшы және бағыт беруші ролі, халықаралық жағдай, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибелері жөнінде лекциялар әлі де болса, тым аз оқылады.

Әсресе, бөлімшенің Приишім ауданындағы филиалының жұмысы төзгісіз нашар. Мұнда аудан интеллигенциясынан 22 адам ғана қоғамға мүше болып тартылды. Оның ішінде 2 агроном, 2 зоотехник және бір инженер бар.

Облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге мыңдаған адамдар келді. Бөлімше және оның филиалдары бұл адамдарды лекциямен қамтуға, жаңа келген мамандарды қоғамның мүшелігіне тартуға көңіл бөлмей отыр.

Быйыл Октябрь ауданының өзінде ғана жаңадан 6 астық совхозы ұйымдастырылды. Мұнда партияның шақыруы бойынша келген мыңдаған патриоттар егіс далаларында қажырлылықпен еңбек етіп, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Бөлімше және оның Октябрь ауданындағы филиалы тың жерлерді игеруге келген адамдардың арасында лекциялық насихатты жақсартуға тиіс еді. Бірақ, филиал бұл жөнінде мардымды ештеңе істеген жоқ. Күні осы уақытқа дейін совхоздарда лекторлар тобы да ұйымдастырылмаған. Бұл жағдай филиалдың жауапты секретары Литвинов жолдасты тіпті қынжылтар емес.

Көктемде мыңдаған гектар жаңа жерлер көтеріліп, оған тұқым себілді. Бөлімшенің және оның филиалдарының жаңа жерлерді игерудің тәжрибесін қорытып, ол жөнінде лекция дайындауға мүмкіндігі болды. Бірақ, бөлімше мұны істеген жоқ. Мұндай маңызды мәселеге облыстық ауыл шаруашылық басқармасы мен совхоздар тресі де көңіл бөлмеді.

Бөлімше лектордың мамандығына, қабілетіне қарамастан әртүрлі тақырыптарда лекциялар оқу жөнінде жолдама берген. Бұл жөнінде бөлімшенің Конохов ауданындағы филиалының жауапты секретары Киреев жолдас бөлімшені өте дұрыс сынады. Қоғамның толық мүшесі Солодьков жолдас СОКП Орталық Комитетінің февраль-март пленумы жөнінде Конохов ауданына лекция оқуға барған. Ол бөлімшеден дайын лекцияны алып, оны қарап шығуды да қажет деп ұғынбаған. Ал, соңынан Солодьковтың ауыл шаруашылығының кейбір негізгі мәселелерін білмейтіндігі анықталды. Әрине, мұндай лекторлар оқыған лекцияның тыңдаушыларды қанағаттандырмайтыны өзінен-өзі белгілі.

Бөлімшенің жұмысындағы ең негізгі кемшіліктің бірі — қоғам мүшелерінің лекция оқуға тегіс қатысуы болып отыр. Қоғамның 508 мүшесінің 198 ғана лекция оқуға қатысады, ал, қалғандары қатыспайды. Облыстық бөлімше қоғам мүшелерімен жұмысты тиісті дәрежеде жүргізбейді. Оларға лекция дайындауға көмек теспейді. Көп жағдайларда қоғам мүшелеріне лекция дайындау тапсырылса да, оның орындалуы бақылауға алынбай ұмыт қалады.

Пленумда ҚЛКЖО облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі Азаматова, қоғамның мүшелері Болахчи, Дьяченко және Сутюшев жолдастар сөйлеп, жергілікті лекторий жұмысы жөнінде айтты. Дьяченко жолдас өзінің сөзін мұғалімдер мен оқушылар арасындағы лекциялық насихатқа арнады.

Пленумның соңында облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Егоров жолдас сөз сөйледі. Ол бөлімшенің жергілікті филиалдарына басшылығының нашарлығына тоқталды. Бізде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болған бірқатар колхоздар бар. Бөлімше және оның филиалдары олардың жұмыс тәжрибелерін әертеуемен шұғылданбай отыр. Әсресе, ғылми атеистік, жаратылыс тану тақырыптарына лекциялар аз оқылады. Бұдан кейін Егоров жолдас бөлімшенің алдында тұрған міндеттер жөнінде айтты.

Пленум өзінің қаулысында жергілікті лекторийлерді нығайтуға, МТС-тер мен совхоздарда лекторлар тобын құруға, лекциялық насихатты жақсартуға, әсресе, жаңа жерлерді игеріп жаткан адамдар арасында лекциялық насихатты жақсартып, оларды Қазақстанның байлықтарымен, оның Совет өкметі тұсында қол жеткен табыстарымен таныстыруға бағытталған шаралар белгілеп, қаулы алды.

ГВАТЕМАЛАНЫҢ БҰРЫНҒЫ ПРЕЗИДЕНТІ ХУАН ХОСЕ АРЕВАЛОНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БУЭНОС-АЙРЕС, 21 июнь. (СОТА). Аргентин газеті «Демократия» Гватемаланың бұрынғы президенті және Гватемаланың Оңтүстік Америка елдеріндегі кәзіргі төтенше елшісі Хуан Хосе Аревалоның Чилидің «Эль Сигло» газетіне жасаған мәлімдемесін жариялаған. Аревало былай деп мәлімдеген: «Полковник Кастильо Армас (Гватемалаға қарсы интервенцияны басқарушы,—редакция) ай сайын 150 мың доллар алып отырғандығын, оған әскерлер жалдап, оларға айлық төлеп, қару-жарақтар мен киімдер алып отырғандығын хабарлай аламын... Гватемалаға қарсы агрессиялық қыймылдың 1954 жылдың январында көпшілікке мәлім болып әшкереленген «Юнайтед фрут компани» қаржылап отырды. Қару-жарақпен жабдықтауды Құрама Штаттар жүзеге асырды. Сол сияқты, Никарагуаның президенті Анастасио Сомоса соғыс көмегін көрсетті. Шабуыл Гондурастың территориясында дайындалды. Гондурастың кәзіргі президенті Гондурас территориясындағы «Юнайтед фрут компанидің» бірнеше жыл бойы адвокаты және іс басқарушысы болды».

ИТАЛЬЯН ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫНЫ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

РИМ, (СОТА). Итальян жұмысшылары мен батрактары жалақыны арттыру және еңбек жағдайын жақсарту жолында одан әрі күресуде.

Римде тамақ өндірісінің қызметкерлері, телефон жүйесінің қызметкерлері мен трамвай және троллейбус паркінің және басқа да орындардың қызметкерлері ереуіл жариялады. «Унита» газетінің хабарына қарағанда, христьян демократиялық «еркін кәсіподақтардың итальян конфедерациясы» мүшелерінің басым көпшілігі өздерінің басшыларының өнеркәсіпшілер конфедерациясымен жасаған «келісім-і» айыптап, Италияның жалпы еңбек конфедерациясы (ИЖЕК) ұйымдастырған ереуілге қатысты.

Мұнымен бірге, Бергамоның өнеркәсіп орындары мен Салернодағы «Манифаттуре Котоньере Меридионали» компаниясының меншігіндегі тоқыма кәсіпорындарында ереуілдер жарияланды.

Тоскана, Умбрия, Марке және Эмилия облыстарында батрактар онан әрі күрес жүргізуде. Олар көптеген аудандарда жер иеленушілердің ереуілшілер қойған талаптарға көнуіне жетті.

ЧИЛИДЕ ГВАТЕМАЛА ҮКМЕТІНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БІЛДІРУ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ- ЙОРК, 20 июнь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сант- Ягодан (Чили) берген хабарына қарағанда, кеше онда Гватемалада шабуыл жасалуына қарсы наразылық білдіру демонстрациясы болған.

на сенім білдірген. Президент, басқынармиясы жеңіп шығады, деп мәлімдеген.

ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДА ГВАТЕМАЛАДАҒЫ ИНТЕРВЕНЦИЯҒА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР

МОНТЕВИДЕО, 21 июнь. (СОТА). Латын Америкасы жұртшылығының қалың топтары Гватемалаға қарулы шабуыл жасауды ашу және ызамен айыптауда. Еңбекшілердің түрлі топтарының өкілдері туысқан республикадағы қантөгістің дереу тоқтатылуын талап етуде.

Уругвайдағы әртүрлі саяси көзқарастың адамдары кірген «Гватемаланы қорғау қозғалысы» ұйымы агрессияға батыл қарсы шығуда. Ұйым американ мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің Гватемала проблемасын қарау үшін шақырылған «Консультативтік» кеңесін айыптауда, мұның өзінде ол әрбір ел өзінің ішкі мәселелерін сырттан ешқандай араласусыз-ақ өз күшімен шешуге тиіс екендігін атап көрсеткен.

ГВАТЕМАЛА ҮКМЕТІНІҢ МАЗМҰНДАМАСЫ

НЬЮ- ЙОРК, 20 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Гватемала қаласынан хабарлағанындай, Гватемала үкметі кеше ұрыс қыймылдары туралы бірінші мазмұндама жариялады, онда елге Шығыстан басып кірген әскерлер Гондурас шекарасынан 15 километр алға жылжыды, деп хабарлаған.

Осы агенттік тілшісінің хабарлауынша, сыртқы істер министріТориэльо Құрама Штаттардың елшісі Перифуа мен әңгімелескен, әңгімелесу кезінде Англия мен Францияның дипломатиялық өкілдері болған.

ГВАТЕМАЛА РАДИОСЫНЫҢ ХАБАРЫ

НЬЮ-ЙОРК, 21 июнь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Тегусигальпадан (Гондурастың астанасы) берген хабарына қарағанда, Гватемала радиосы „Гватемаланың президенті Арбенс Гватемала армиясына басшылық ісін өз қолына алды деп хабарлаған.

Радио станция мұнымен қатар елге басып кірген әскерлер Мексика шекарасынан 30 миль оңтүстік шығысқа қарай орналасқан Ретэ қаласын алды және Пуэрто- барриос, Сакапа қалалары үшін ұрыс әрі болып жатыр деп хабарлады.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚАН ҚҰПЬЯСЫ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ВОЛГА -ВОЛГА»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

КІТАП ЖАЗҒЫЗЫП АЛУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

Солтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының кітап саудасы бөлімінің № 1 магазині кітап жазғызып алушыларға мына кітаптарды табыс етеді:

И. С. Тургеневтің шығармасы	1 және 2 томдары;
Д. Н. Мамин — Сибиряктің шығармасы	2 том;
М. А. Нексенің шығармасы	6 және 7 томдары;
И. А. Гончаровтың шығармасы	4 және 5 томдары;
В. Гюгоның шығармасы	3 және 4 томдары;
Д. Бедныйдың шығармасы	2 және 3 томдары;
Л. Леоновтың шығармасы	3 том;
О. Бальзактың шығармасы	9 том;
А. И. Островскийдің шығармасы	15 және 16 томдары;
Советтік Үлкен Энциклопедия	22 және 24 томдары;

Жоғарыда көрсетілген шығармаларды уақытылы сатып алмаған жазылушылар оны алу правосынан айырылады және сатып алынбаған кітаптар еркін сату үшін магазинге тапсырылады.

Кітаптарды күн сайын сағат 11-ден 20-ға дейін Петропавл қаласы, Ленин көшесі 26-үйдегі магазиннен келіп алуға болады.

Петропавл қаласы Карл Маркс көшесі, 141 үйде тұрушы Анна Николаевна Лапухина Петропавл қаласы Ульянов көшесі 31-а үйде тұрушы Петр Петрович Лапухиннен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01267. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**